



Жала мен жаза: әйелдер тағдырында

Г. Нұрымбетова^a, Б. Балғазина^b✉

^aҚазақстан Республикасы Президенті архиві, Алматы, Қазақстан

^bҚазақстан Республикасы Президенті архиві, Астана, Қазақстан

✉gulshat_nurymbet@mail.ru

Аннотация. Қазақстанның кеңестік жылдарғы тарихы мен тағдыры ақтаңдақтарға және қайшылықтарға толы. Олар жайлы толымды да, батыл сөздер қайта құру жылдарында айтыла бастады. Зерттеу үдерісі мен ауқымы тәуелсіздік тұсында айтарлықтай ұлғайды. Бұл орайдағы ұлы бетбұрыс 1989 жылы А. Байтұрсынұлының, Ж. Аймауытовтың, М. Дулатұлының ақталуы екені сөзсіз. Келесі шешуші қадам ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау үдерісін бастау болып табылады.

Тақырыптың өзектілігі Отан тарихын ақтаңдақтардан арылтумен анықталады. Тарих ғылымының қасиеті мен құдыреті ақиқатты айта алуында. Соңғы 5 жыл ішінде 311 мың Қазақстан азаматы толық ақталды. Демек, миллиондаған әулет пен отбасы аталары, әкелері, әжелері мен бауырлары қашан, не үшін, қайда өмір жолдары аяқталғанын білді, тарихи санасын дұрыс қалыптастыруға, отансүйгіш сезімін нығайтуға мүмкіндік алды.

Мәселеге қоғам тарапынан да, зерттеушілер тарапынан да сұраныс жоғары. Оның басты себебі саяси қуғын-сүргін материалдарының ұзақ жылдар зерттеушілер үшін жабық, құпия сақталуына байланысты. Тіптен саяси қуғын-сүргін құрбандары, олардың ұрпақтары ақиқатқа қол жеткізе алмай, шындықты айта алмай өмірден өтті. Біздің ойымызша, Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Ішкі істер министрлігінің, Бас прокуратураның арнайы мемлекеттік архивтерінде «құпия», «аса құпия» грифімен сақталған саяси қуғын-сүргін материалдары пердесінің ашылуы мәселенің күн тәртібінен түспеуіне негіз болып отыр.

Зерттеудің мақсаты 1937-1938 жылдарда орын алған «Үлкен террор» тұсында «Отанын сатқан отбасы мүшесі» айыбымен қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдердің қасіретті тағдырын архивтік құжаттар негізінде зерделеу.

Зерттеудің деректік негізін Қазақстан Республикасы Президенті Архивіне 2022-2023 жылдары ІІМ, ҰҚК мен Бас прокуратураның арнаулы мемлекеттік архивтерінен қабылданған архивтік қылмыстық-тергеу істері және Карлагта жазасын өтеген әйелдердің жеке істері құрайды. Бұл құжаттардың негізгі дені ғылыми айналымға алғаш рет еніп отыр.

Қорғансыздың күйін кешкен әйелдердің, соның ішінде Қазақ КСР Орталық атқару комитетінің төрағасы Ұ. Құлымбетовтің әйелі Ә. Құлымбетованың, белгілі жазушы Б. Майлиннің әйелі К. Майлинаның, ҚазССР сауда наркомы, кейін ішкі сауда наркомы қызметтерін атқарған Ш. Дивеевтің әйелі Ф. Дивееваның, Алаш қозғалысының белсендісі, совет өкіметі тұсында Алматы қ. хайуанаттар паркінің директоры қызметін атқарған М. Төлебаевтың әйелі Х. Төлебаева-Жүнісбаеваның жазықсыздан жазықсыз 5-8 жылға дейін еңбекпен түзеу лагерлеріне айдалғаны

архивтік құжаттар негізінде жан-жақты зерделенген. Бұл әйелдердің тағдыры ортақ «Отанын сатқан отбасы мүшесі» болғаны. Қуғындау саясатының ана мен баланы айырып, оларды зар жылатқаны Б. Майлин балаларының тағдыры негізінде көрсетілген.

Зерттеу нәтижесінде архивтік қылмыстық-тергеу істерінің құрамы бір тектес құжаттардан тұратыны анықталды. Алайда бұл істер жекелеген отбасылар басына түскен қасіреттің дәлелі мен дәйегі, бұл өз кезегінде отбасы тарихын, әулет тарихын зерттеуге негіз болады. Құжаттарды сын көзбен зерделеу арқылы саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдердің барлығына бірдей жалған айып тағылып, жазықсыз жазаланғанына көз жеткіздік. Сондай-ақ, саяси қуғын-сүргіннің жоспарлы түрде жүзеге асқаны негізделді.

Түйінді сөздер: саяси қуғын-сүргін; архивтік құжаттар; ІІХК; отанын сатқан отбасы мүшелері; халық жауы; қасірет

Сілтеме жасау үшін: Нұрымбетова Г., Балғазина Б. Жала мен жаза: әйелдер тағдырында. *Gumilyov Journal of History*. Т.150, no.2, б.103-124. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-151-2-103-124>

Accusation and punishment: in the fate of women

G. Nurymbetova^a, B. Balgazina^b

^aArchive of the President of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan

^bArchive of the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan

Abstract. The history and fate of Kazakhstan during the Soviet era are full of "blank spots" and contradictions. A full and courageous discussion of these pages of history began during the years of Perestroika. In the period of independence, research activities and their scope expanded significantly. A major turning point in this direction was the rehabilitation of Akhmet Baitursynuly, Zhusipbek Aimauytov, and Mirzhakyp Dulatuly in 1989. Another important step was the launch of the full rehabilitation process for victims of repression, initiated by the President of the Republic of Kazakhstan, K. Tokayev.

The relevance of this topic lies in the need to fill in the "blank spots" of national history. The value of historical science is its ability to tell the truth. Over the past five years, 311,000 citizens of Kazakhstan have been fully rehabilitated. This means that millions of families have been allowed to learn where, when, and why their relatives' lives came to an end, contributing to the formation of historical consciousness and the strengthening of patriotic feelings.

This topic attracts significant interest from both the public and researchers. The main reason is that materials related to political repression remained classified and inaccessible for many years. Many victims of repression and their descendants have never been able to discover the truth or tell their own stories. In our view, the declassification of materials on political repression – stored under the labels "secret" and "top secret" in the special state archives of the Committee for National Security, the Ministry of Internal Affairs, and the General Prosecutor's Office – has provided the foundation for keeping this issue on the national agenda.

The goal of this research, based on archival documents, is to study the tragic fates of women who were repressed during the years of the "Great Terror" (1937–1938), accused of being "family members of traitors to the Motherland".

The source base of this research consists of archival criminal investigation files transferred in 2022–2023 from the special state archives of the Ministry of Internal Affairs, the National Security Committee, and the General Prosecutor's Office to the Archive of the President of the Republic of Kazakhstan. It also includes personal files of women who served sentences in the Karlag labor camp. Most of these documents have been introduced into scholarly circulation for the first time.

Based on archival documents, the study provides a comprehensive examination of the fates of women who found themselves in a state of powerlessness. These include A. Kulumbetova, K. Mailina, F. Diveyeva, and K. Tolebayeva-Zhunisbaeva. All of them were unjustly exiled to correctional labor camps for terms ranging from 5 to 8 years on charges of being family members of "enemies of the people". The story of B. Mailin's children illustrates how the repressive policies tore mothers away from their children, inflicting deep suffering.

The research established that the archival criminal investigation files consist of standardized documents. Nevertheless, they serve as crucial evidence of the tragedies endured by specific families, forming the basis for studying family and clan histories. A critical analysis of these documents leads to the conclusion that all the accused women were falsely charged and sentenced unjustly. It was also determined that political repressions were carried out in a systematic and organized manner.

Keywords: political repression; archival documents; NKVD; family member of a traitor to the Motherland; enemies of the people; suffering

For citation: Nurymbetova G., Balgazina B. Accusation and punishment: in the fate of women. *Gumilyov Journal of History*. 2025. Vol.151, no.2, pp.103-124. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-151-2-103-124>

Обвинение и наказание: в судьбах женщин

Г. Нурымбетова^а, Б. Балгазина^б

^аАрхив Президента Республики Казахстан, Алматы, Казахстан

^бАрхив Президента Республики Казахстан, Астана, Казахстан

Аңдатпа. История и судьба Казахстана в советский период полны «белых пятен» и противоречий. Полноценный и смелый разговор об этих страницах истории начался в годы перестройки. В период независимости исследовательские процессы и их масштаб значительно расширились. Важным явлением стала реабилитация в 1989 г. А. Байтурсынулы, Ж. Аймауытова, М. Дулатулы. Следующим важным шагом стало начало процесса полной реабилитации жертв репрессий по инициативе Президента Республики Казахстан К.К. Токаева.

Актуальность темы определяется необходимостью устранения «белых пятен» отечественной истории. Ценность исторической науки заключается в способности говорить правду. За последние 5 лет были полностью реабилитированы 311 тыс. граждан Казахстана. Это значит, что миллионы семей получили возможность узнать, где, когда и почему завершился жизненный путь их родных, что способствует формированию исторического сознания и укреплению патриотических чувств.

К данной проблематике наблюдается высокий интерес как со стороны общества, так и со стороны исследователей. Основная причина этого в том, что материалы по политическим репрессиям в течение долгих лет оставались закрытыми и засекреченными. Многие жертвы репрессий и их

потомки так и не смогли узнать истину и рассказать свою правду. По нашему мнению, раскрытие материалов политических репрессий, хранящихся под грифами «секретно» и «совершенно секретно» в специальных государственных архивах Комитета национальной безопасности, Министерства внутренних дел и Генеральной прокуратуры, стало основанием для того, чтобы этот вопрос оставался в повестке дня.

Цель исследования – изучить трагические судьбы женщин, подвергшихся репрессиям в годы «Большого террора» 1937–1938 гг. по обвинению в том, что они являются «членами семьи изменников Родины», на основе архивных документов.

Источниковую базу составили архивные уголовно-следственные дела, переданные в 2022–2023 гг. из специальных государственных архивов МВД, КНБ и Генеральной прокуратуры в Архив Президента Республики Казахстан, а также личные дела женщин, отбывавших наказание в Карлаге. Основная часть этих документов впервые введена в научный оборот.

На основе архивных документов всесторонне изучены судьбы женщин, оказавшихся в бесправном положении, в том числе А. Кулымбетовой, К. Майлиной, Ф. Дивеевой, Х. Толебаевой-Жунисбаевой. Все они были безвинно сосланы в исправительно-трудовые лагеря сроком от 5 до 8 лет по обвинению в том, что являются членами семьи «изменника Родины». Через судьбу детей Б. Майлина показано, как политика репрессий разлучала матерей и детей, принося им страдания.

В результате исследования установлено, что архивные уголовно-следственные дела состоят из однотипных документов. Однако они являются доказательством трагедий, постигших конкретные семьи, что, в свою очередь, служит основой для изучения истории семьи, рода. Критический анализ документов позволяет прийти к выводу, что всем репрессированным женщинам были предъявлены ложные обвинения, и все они были несправедливо осуждены. Показана планомерность осуществления политических репрессий.

Ключевые слова: политические репрессии; архивные документы; НКВД; член семьи предателя Родины; враги народа; страдания

Kіріспе

XX ғасырдың 30-50 жылдарында орын алған саяси қуғын-сүргін отандық тарихтың сыры мен шындығы ашылмаған ақтаңдақты мәселе екені сөзсіз. Бұған Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың бастамасымен 2021 жылы құрылған саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия, өңірлік комиссиялар қызметі өз жұмысын тоқтатқанына қарамай қоғамның қызығушылығының бәсеңдемеуі дәлел. Мәселеге қоғам тарапынан да, зерттеушілер тарапынан да сұраныс жоғары.

Саяси қуғын-сүргін материалдары ұзақ жылдар зерттеушілер үшін жабық, құпия сақталғаны белгілі. Тіптен саяси қуғын-сүргін құрбандары, олардың ұрпақтары ақиқатқа қол жеткізе алмай, шындықты айта алмай өмірден өтті. Біздің ойымызша, Ұлттық қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – ҰҚК) мен Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі – ІІМ), Бас прокуратураның арнайы мемлекеттік архивтерінде «құпия», «аса құпия» грифімен сақталған саяси қуғын-сүргін материалдары пердесінің ашылуы мәселенің күн тәртібінен түспеуіне себеп болып отыр.

Сонымен саяси қуғын-сүргін процесінің үнсіз куәгерлері архивтік-қылмыстық істерді ғылыми айналымға енгізу осы мәселедегі ақтаңдақтардан арылуға, күні бүгінге дейін белгісіз болып келген адамдардың есімдерін анықтап, жариялауға мүмкіндік беруде.

Тоталитарлық жүйе ешкімді аяған жоқ. Әйел, еркек, бала деп таңдаған жоқ, яғни жынысына, жасына қарамады. 80-дегі қарт адам да ату жазасына кесілді. Саяси қуғын-сүргіннің шектен шыққан түрі «халық жауының» отбасын ойрандау еді. Отбасын ойрандау үй иесін оқшаулаумен басталды. Большевиктер мұнымен ғана тынған жоқ. Олар тұтқындалған жанның әйелін де, балаларын да, тіпті жақын туған-туыстарын да аяусыз жазалады. Мұны біз айтуымыз да, айыптауымыз да керек.

1937 жылы 5 шілдеде БКП (б) Орталық комитетінің Саяси бюросы «Отанын сатқан отбасы мүшелері туралы» қаулы қабылдады ([Лубянка](#) 2004). Бұл қаулыға сәйкес «әшкереленген оңшыл-троцкистік шпиондар, отанын сатқандардың әйелдері лагерлерге кем дегенде 5-8 жылға отырғызылады», ал балалары – балалар үйі мен жабық интернаттарға жіберілді. Осы мақсатта Нарым өлкесі мен Қазақстанның Торғай ауданында арнайы лагерь ашу ұсынылды. Балаларды Москва, Ленинград, Киев, Тифлис, Минск, шекарада орналасқан қалалардан тыс жерлерге орналастыру қарастырылды. Солардың біреуі қазіргі Астананың түбінде 1937 жылы 15 тамызда құрылған еді. Ол Отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагері (АЛЖИР) атауымен тарихқа енді. Мұндағы сәбилер 3 жасқа толғанда анасынан ажыратылып, балалар үйіне жіберілетін. Ақмола лагерінде мыңдаған қыз-келіншектер отырып, өз «жазаларын» өтеген. 1938–1953 жж. аралығында лагерьде 18 мың әйел жазалау мерзімін өткерген екен. Араларында Т. Рысқұловтың, Т. Жүргеновтің, С. Асфендияровтың, т. б. тұлғалардың әйелдері болды. 1937 жылы 15 тамызда КСРО ІХК № 00486 бұйрық шығарды ([Приказ НКВД СССР 1937](#)). Бұл бұйрықта «Отанын сатқандардың» әйелдеріне қарсы шараларды жүзеге асыру тәртібі тиянақталды.

Отанын сатқан отбасы мүшесі болып 58-ші баппен айыпталушының жақын туыстары есептелді. Яғни әкесі, шешесі, күйеуі, әйелі, ұлдары, қыздары, егер айыпталушымен бірге тұрған жағдайда аға-қарындастары. Осылайша оларға ресми түрде «Отанын сатқан отбасы мүшесі» (ЧСИР) деген айып таңылды. Олар жаппай сайлау құқынан айырылды. Отанын сатқан отбасы мүшесі атауы өмірбойына таңба болып қалды, кәсіп таңдағанда, білім алғанда, тіптен тұратын жерге де әсер етті.

Тоталитарлық жүйенің тағы бір құйтырқы саясаты 1938 жылғы 27 тамыздағы ІХК циркуляр хатында көрініс тапты. Ол бойынша қамауға алынған адаммен, оның келісімінсіз біржақты ажырасуға рұқсат етілді. Осылайша саяси қуғын-сүргінге ұшыраған ер-азаматтардың әйелдерін моральдық-психологиялық жаңа жазаға ұшыратты.

Материалдар мен әдістер

Мәселені зерттеу барысында гендерлік әдіснаманы басшылыққа алдық. Гендерлік әдіснаманың ерекшелігіне қатысты ресейлік зерттеуші Н.Л. Пушкареваның гендерлік ұстанымның синтездеу функциясы туралы көзқарасын айта кеткен жөн. Ол «гендерлік әдіснама жекелеген дербес тарихтарды – әйелдердің, еркектердің тарихын – кең қарауға мүмкіндік береді, себебі олардың функциясы қосымша, толықтыру, қайта қарау емес (ескі түсінік, ескі ұстаным бойынша: бұлардың барлығы феминология функциясы

болған), дәлірек айтсақ синтездеу болып табылады» (Пушкарева 2005) деп көрсетеді. Осы бағыттағы зерттеулерден ресейлік зерттеуші Л. Репинаның (Репина 2002) еңбектері көңіл аударарлық. Отандық зерттеушілермен де осы бағыттағы ізденістер жүзеге асырылуда (Жанбосинова 2018).

Ана мен балаға қарсы қолданылған қуғын-сүргін адам құқығын өрескел бұзып қойған жоқ. Ол жас келіншектің дүниеге ұрпақ әкелу функциясын бекерледі, ұрпақ тәрбиесіндегі ата-ананың міндеті мен рөлін аяусыз таптады. Осылайша өмір сүрудің, ұрпақтар сабақтастығының қарапайым да табиғи заңы бұзылды.

Табиғи-ырғақты сабақтастық – қоғамның ілгерілей дамуының басты шарты. Осы заң мен заңдылықтың бұзылуы елде кереғар құбылыстар мен үдерістер туындатты. Демографиялық эволюция бұзылды. Панасыз балалар мен қамқорлықсыз қалған ересектер, үлкендер қатары өсті, қылмыстық ахуал күрделенді. Адамдарды үрей биледі.

Түйіп айтқанда, берісі – адамның, әрісі – қоғамның өзін-өзі қорғау, лайықты жетілу, ізгілік пен бақытқа кенелу механизмдері мен эволюциясы тас-талқан болды. Нағыз тарих пролетариат диктатурасының орнауымен басталады деген марксистік қағида жалған болып шықты. Мақаланың материалдары мен әдістері осынау тезиске орай топтастырылды.

Мақаланың мақсаты архив құжаттарының негізінде 1937-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргін кезінде жазықсыз жазаланған әйелдердің қасіретін зерттеу. Біз зерттеу барысында Қазақстан Республикасы Президенті архивіне 2022-2023 жж. ІІМ, ҰҚК мен Бас прокуратураның арнаулы мемлекеттік архивтерінен қабылданған қылмыстық-тергеу істерімен және лагерьде жазасын өтеген әйелдердің жеке істерімен танысып, ой елегінен өткіздік. Президент архивінің 352, 404, 122-Н-қорларының құжаттары кеңінен пайдаланылды.

Архивтік-тергеу ісі келесі құжаттардан қалыптастырылған: «халық жауын» тұтқындауға берілген ордер, бұлтартпау шарасын таңдау және айыптау туралы қаулы, айыпталушының өмірбаяндық деректерінен тұратын жеке іс парағы мен анкетасы, үйін тінту тізбесі, жауап алу хаттамасы, айыпталушы туралы алдын ала дайындалған анықтама, айыптау қорытындысы, сот үкімі, ІІХК үштігінің немесе ІІХК жанындағы Ерекше кеңестің хаттамасынан үзінді, күштік және партиялық құрылым басшыларына жазылған хаттар мен өтініштер, оларға жазылған жауаптар. Лагерьде жазасын өтеушілерге де жеке істер ашылған. Бұл жеке істер жазасын өтеушіге қатысты жеке іс парақтан, өмірбаяннан, лагерь басшылығына жазған арыз-өтініштерден, дәрігерлік қорытынды мен жазасын өтеушіге қатысты ІІХК басшылығымен хат алмасулары сияқты құжаттардан тұрады.

Зерттеу барысында тарихилық, объективтілік, тарихи-салыстырмалы әдістері басшылыққа алынды. Объективтілік әдісі фактілер мен оқиғаларды шынайылық тұрғысынан және жан-жақты қарастырудан көрініс тапты. Нақтылар болсақ, архивтік-тергеу ісіндегі құжаттар сын көзбен зерделеніп, олардағы жала жабу мен бұрмалаулар талданды. Ол тарихты саясиландырудан, идеологияландырудан сақтандырды. Кеңестік дәуірде бұлар ақтаңдақтардың көбеюіне әкелген еді. Тарихилық әдісін қолдану үдерістер мен оқиғалардың мерзімдік-мекен-жайлық факторын дұрыс ұғынуға қол жеткізді. Себеп-салдарын анықтау олардың өзара байланысын негіздеуге мүмкіндік берді. Тарихи-салыстыру әдісінің негізінде тергеу үрдісіндегі ортақтық анықталды.

Бастысы саяси қуғын-сүргінге қатысты материалдар мен құжаттар тарихи сана мен жадыны қалыптастыру тұрғысынан пайымдалды. Сондай-ақ, зерттеуіміз ақиқат тұрғысынан толыққанды болу үшін қуғын-сүргін құрбандарының ұрпағынан, өзі де қуғын-сүргін құрбаны болып табылатын тұлғадан сұхбат¹ алынды. Сұхбат барысында қуғындалған аналар, балалар тегін өзгертуге мәжбүр болғаны тағы дәлелденді. Өйткені, халық жауының отбасы мүшесі деген айып олардың ел қатарлы оқуына, еңбек етуіне, азаматтарға тән Конституциялық құқығын пайдалануға мүмкіндік бермеді.

Әдеби шолу

Саяси қуғын-сүргін мәселесі отандық тарихтың қыр-сыры әлі толық ашылмаған тақырыптарының бірі. Кезінде М. Шоқай 1936 жылы жазған мақаласында «...Кеңес өкіметі қуғын-сүргінге ұшырату, азапқа салу, аштыққа душар ету, атып өлтіру тәрізді шаралармен өз жоспарларын жүзеге асырып келеді» (Шоқай 1999: 8) деп кеңес өкіметінің тоталитарлық мәнін дәл анықтапты. Яғни тоталитарлық билік пен саяси қуғын-сүргіннің тұтас құбылыс екенін негіздеді. XX ғ. екінші жартысында тоталитарлық тұжырым аясында саяси қуғын-сүргін мәселесін зерттеген Х. Арендт (Арендт 1996), З. Бжезинский, К. Фридрих (Бжезинский, Фридрих 1993) еңбектері жарық көргені белгілі.

Біз саяси қуғын-сүргін, Үлкен террор мәселесін сөз еткенде британ зерттеушісі Р.Конквестің (Конквест 1991), ресейлік зерттеушілер Д. Волкогонов (Волкогонов 1988), М. Юнге, Г. Бордюгов, Р. Биннер (Юнге и др. 2008), А. Тепляков (Тепляков 2008) еңбектерін айтуымыз керек.

Кеңестік дәуірде тақырыптың зерттеушілер үшін жабық болғаны белгілі. Сондықтан тек тәуелсіздік жылдарында отандық зерттеушілерге саяси қуғын-сүргін ақтаңдақтарын зерттеп, ақиқатты айтуға мүмкіндік туды. Қуғын-сүргін мәселесіне қатысты кандидаттық (Орынбаева 1999; Кыдыралина 2000; Калыбекова 2005), докторлық диссертациялар (Жанбосинова 2010) қорғалып, іргелі еңбектер жарық көрді. Зерттеулер келесі бағыттарда жүзеге асырылды саяси қуғын-сүргіннің табиғаты мен мәні (Қозыбаев 1994; Қойгелдиев, Омарбеков 1993), Алаш қайраткерлерінің қудалануы (Қойгелдиев 2008), лагерлер тарихы (Шаймұханов, Шаймұханова 1997; Ділманов 2002; Кукушкина 2008), халық көтерілістері (Омарбеков 1997; Омарбеков 2018; Алланиязов 2002), этникалық топтардың қасіреті (Алдажуманов 1997; Калыбекова 2008), жекелеген азаматтардың қудалануы, олардың тағдыры (Кыдыралина 2012; Кыдыралина 2015; Салқынбек 2013; Булатова 2013) т.б.

Тақырыпты зерттеуде белгілі тарихшы І. Қозыбаевтың еңбегінің (Қозыбаев 2019) қосқан үлесі мол. Еңбекте мәселенің тарихнамасы жан-жақты талданған. Автор ҰҚК, ІІМ мен Бас прокуратураның арнаулы мемлекеттік архивтерінде сақталған саяси қуғын-сүргін құжаттарының зерттеушілер үшін әлі де жабық екеніне аса көңіл бөлген. Соңғы уақытқа дейін бұл құжаттармен санаулы адамдар ғана жұмыс жасап, өз еңбектерін жариялағаны белгілі (Нұрпейісов 1995; Журтбай 2016; Қойгелдиев 2017).

Сондай-ақ, Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін мәселесін арнайы мемлекеттік архив құжаттарының негізінде зерттеп жүрген А. Жанбосинова (Жанбосинова 2020; 2024) еңбектерінің де ғылыми нәтижелері салмақты.

Ал 2021–2023 жылдар аралығында жұмыс жасаған саяси қуғын–сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия мүшелеріне осы архив құжаттарымен танысуға рұқсат беріліп, жұмыс жасауға жағдай жасалды. Осыған байланысты комиссия жұмысының аясында тарихи-құжаттық жинақтар ([Материалы](#) Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века) мен арнайы зерттеулер ([Бақторазов](#) 2022) жарық көрді. Осылайша, зерттеушілер күткендей репрессия тақырыбы бойынша басылымдар саны да, жанры да артты ([Козыбаев](#) 2024). Тарихи-құжаттық жинақтардың басты құндылығы бұған дейін ғылыми айналымға енген құжаттарды жариялауында. Бұл құжаттар жинағы қуғын–сүргіннің ауқымын да көрсетеді. Сондай-ақ мемлекеттік комиссиямен қатар жұмыс жасаған өңірлік комиссиялар облыстық, аудандық архивтер құжаттарын зерделеп, үлкен жұмыстар атқарды. Тағы бір айта кететін жәйт. Саяси қуғын–сүргінге қатысты құжаттар мен материалдардың ҚР Президент архивіне шоғырландырылып, XX ғ. саяси қуғын–сүргін материалдарын зерделеу орталығының құрылуы мәселені зерттеуге серпін бергені сөзсіз. Сонымен қатар, 2022 жылы Президент архивінде құрылған Құпиясыздандыру жөніндегі ведомствоаралық комиссия жұмысы да өз жемісін берді. Нәтижесінде 2023 жылы «Алашорда ісі. 1920–1940 жж. Материалдар мен құжаттар» атты 12 томдық тарихи-құжаттық жинақ әзірленіп, жарық көрді. Жинаққа бұрын–соңды жарияланбаған 3000–ға жуық құжаттар енгізілді. Жалпы саяси қуғын–сүргіннің ақтаңдақтарын ашуда архивтік құжаттар жинақтарының маңызы зор. Мазмұндық тұрғыдан арнайы зерттеулер, архив құжаттарының жинақтары, естеліктер деп бөлуімізге болады.

Әйелдердің саяси қуғын–сүргінге ұшырауы тарихнамасына келетін болсақ, мәселенің ғалымдарымыздың назарынан тыс қалмағанын байқаймыз. Бұл, әрине, объективті құбылыс. Зерттеушілердің де әйелдер болуы объективті құбылыс. Сонымен осы бағытта ізденіс жүргізіп жүрген Қ. Сәрсембинаның ([Сәрсембина](#) 2021), А. Кукушкинаның ([Кукушкина](#) 2002), Г. Омарованың ([Омарова](#) 2019) еңбектерін атап кеткеніміз орынды. Айта кеткен жөн, бұл еңбектер бірін-бірі қайталамайтын тың ізденістер. А. Кукушкина, Г. Омарова зерттеулері лагерь тарихына, яғни Алжир қасіретін ашуға арналса, 2021 жылы жарық көрген Қ. Сәрсембинаның «Аналар шеккен қасірет» монографиясы 1937–1938 жылдары саяси қуғын–сүргінге ұшыраған әйелдер тағдырын қамтыған. Сондай-ақ, «Алашорда ісі. 1920–1940 жж. Материалдар мен құжаттар» құжаттар жинағының 8-томында саяси қуғын–сүргінге ұшыраған әйелдерге қатысты архивтік құжаттар берілген ([Алашорда ісі](#) 2023).

Нәтижелер

1937–1938 жж. «Үлкен террор» ІІХК құрығына ілінген кешегі билік басындағылардың өмірін қиды, әйелдерін соттап, отбасын тентіретіп жіберді. Бұлардың басына түскен қасіреттің ауқымы мен зардабын елестету үшін 1–2 мысал келтіруге болады. 1937 ж. күзіне қарай Қазақ КСР Орталық атқару комитетінің төрағасы, яғни мемлекет басшысы Ұ. Құлымбетов тұтқындалды. Содан кейін көрген күндерінің қысқа ғана сәтін қызы Орынша апай² былайша еске түсіреді: «Күн сайын көрші-қолаң, тума-туыстардан ер адамдарды ұстап, түрмені толтырып жатыр деп естиміз. Бір күні кезек жиеніміз Таңатарға, Әйештің сіңлісі Кеніштің күйеуі Сердалыға келді. Қамауға алынып жатқандардың көбісі

– Құлымбетовпен бірге оқып, қызметтес болғандар немесе оның қолынан Қазақстанның он бес жылдығына арналған значок алғандар. Енді біреулері – әйелінің не өзінің туысы. Кейбіреулері ауыздарынан қағынып, Құлымбетовтің үйіне бармаса да, «бардым» деп мақтанғаны үшін де ұсталыпты» (Әбжанов 2022: 302).

Ұ. Құлымбетов халық жауы ретінде 1938 жылы 25 ақпанда ату жазасына кесіліп, үкім сол күні орындалған. Көп ұзамай-ақ, 1938 жылы 21 наурызда, 40 жастағы әйелі Әйеш Құлымбетова тұтқындалады. Ал балалары 7 жастағы Марат, 8 жастағы Бостан, 15 жастағы Кабира ІХК қызметкерімен 22 наурыз күні балалар үйіне өткізілген. Қамауға алынған Әйеш 1938 жылдың 10 маусымына дейін, яғни үкім шыққанша, Алматы қ. түрмеде отырған. Осы уақыт аралығында одан бір рет ғана жауап алынған. Жауап алу кезінде қойылған «Сіз күйеуіңіз Ұзақбай Құлымбетовтің контрреволюциялық қызметін біле тұра билік органдарының өкілдеріне айтпағаныңыз, іс-жүзінде Құлымбетовтің контрреволюциялық қылмысының сыбайласы болғаныңыз тергеуге белгілі. Сіз соны мойындайсыз ба?» деген сұраққа Ә. Құлымбетова «жоқ, мойындамаймын» деп жауап берген³.

Алайда, бұған қарамастан КСРО ІХК жанындағы Ерекше кеңестің 1938 жылғы 10 маусымдағы шешімімен оған күйеуінің совет үкіметіне қарсы қызметін біле тұра, оны жасырды деген айып тағылып, Отанын сатқан отбасының мүшесі ретінде еңбекпен түзеу лагеріне 8 жылға айдалған. Лагерьде бұзау баққан. 1946 жылдың 21 сәуірде жазасын өтеу мерзімінің аяқталуына байланысты босатылған, алайда сыртқа шығу құқысыз жалдамалы жұмысшы ретінде лагерьде қалдырылған. Мұның басты себебі келесі құжаттарға байланысты еді. Бірі – 1941 жылы 22 маусымда қабылданған нұсқаулық⁴. Бұл құжатқа сәйкес лагерьлерден «контрреволюционерлерді, бандиттерді, рецидивистер мен басқа да қауіпті қылмыскерлерді» босатпау туралы нұсқау берілген болатын. Көп ұзамай, 1942 жылы⁵, жазасын өтеу мерзімі аяқталған ЧСИР босату туралы нұсқау қабылданады. Алайда, нұсқауда «жазасын өтеу мерзімі аяқталып, барлық босатылғандар ІХК лагерлерінде ерікті жалдамалы жұмысшы ретінде, соғыс аяқталғанға дейін, құрылыс-лагерлеріндегі жұмыстарға сыртқа шығу құқысыз қалдырылсын»⁵ деп көрсетілген. Осы жағдайларға байланысты тек 1946 ж. 25 шілдесінде босаған⁶.

Отанын сатқан отбасының мүшесі айыбымен жаза тартқан әйелдердің бірі - Фатима Дивеева. Ол ҚазССР сауда наркомы, кейін ішкі сауда наркомы қызметтерін атқарған Шакир Дивеевтің әйелі. Ш. Дивеев 1937 жылы 25 маусымда халық жауы ретінде тұтқындалған. Араға 4 ай салып 10 қарашада айыптау қорытындысы шыққан, онда оған 1918 жылдан антисоветтік ұлтшылдар ұйымының белсенді басшыларының бірі болған деген айып тағылған. 1938 жылы 25 ақпанда КСРО Жоғары Сотының Әскери коллегиясының көшпелі сессиясы ісін қарап, ату жазасына үкім шығарған. Үкім сол күні орындалған.

ІХК қызметкерлерімен алдын ала Отанын сатқан отбасына қатысты арнайы анықтама толтырылған (сурет 1). Ш. Дивеевтің отбасына қатысты анықтама 1938 жылы 17 наурызда толтырылыпты. Ал әйелі Фатима Дивеева күйеуінің қылмысын біле тұра советтік органдардан жасырғаны үшін 1938 жылы 9 сәуірде қамауға алынған. Бір айға жетер жетпес уақытта, 21 сәуірде алынған жауапта Фатима күйеуінің контрреволюциялық қызметі туралы білмейтінін айтқан. Бірақ бұған қарамастан 28 сәуірде РСФСР Қылмыстық кодексінің 58 бабы 1-а, 2, 8, 9 және 11 тармақтары бойынша Ф. Дивеева айыпты деп қорытынды шығарылған. 10 маусымда КСРО ІХК жанындағы Ерекше кеңес Фатима Дивеева туралы № 0639 істі қарап, отанын сатқан отбасының

мүшесі ретінде еңбекпен түзеу лагеріне 8 жылға айдау туралы үкім шығарған⁷. Фатима 1946 жылы 11 сәуірде тура 8 жылдан кейін лагерьден босатылады. Алайда, совет өкіметі «халық жауының» әйеліне сенімсіздік танытып, жоғарыда көрсетілген нұсқаулықтарға сәйкес лагерьде еркін жалдамалы жұмысшы ретінде қалдырған. Ш. Дивеев 1968 жылы 7 маусымда, Ф. Дивеева 1957 жылы 2 қыркүйекте ақталған⁸.

РИМЕНА

СПРАВКА.

На семью изменника родине - ДИВЕЕВА Шакира, осужденного
Выездной Сессией Военной Коллегии Верховного Суда Союза
ССР - к расстрелу.

1/ Фамилия, имя и отчество осужденного главы семьи: ДИВЕЕВ Шакир.

2/ За какие преступления, когда, кем и какому наказанию подвергнут: Один из руководящих участников национал-фашистской организации, ликвидированной УГБ НКВД Каз.ССР в 1937/38 г.г.
" " марта 1938 г. Выездной Сессией Военной Коллегии Верховного Суда Союза ССР - осужден к расстрелу.

3/ Именной список состава членов семьи с подробными на них установочными данными: Жена - ДИВЕЕВА - Фатима - 42 лет.
Дочь - " Дахина - 14 лет.
Сын - " Алибек 12 "
Проживает в г. Алма-Ата, ул. Абая 105.

4/ Компрометирующие материалы на жену осужденного. ДИВЕЕВА Фатима, проживая совместно с ДИВЕЕВЫМ Шакиром, знала о его анти-советской деятельности и укрывала таковую.

5/ Характеристика на детей от 15 лет. возраста и степень их социальной опасности: Н е т .

6/ Данные о наличии в семье:
а) престарелых и нуждающихся в уходе родителей;
б) тифом или заразными болезнями;
в) детей, по своему физическому состоянию требующих ухода. Н е т .

ЗАМ. НАЧ. 4 ОТД. УГБ НКВД
Мл. лейтенант Госбезопасности - (КИТОВ)
Нач. 4 ОТД. 4 ОТД. УГБ -
Сержант Госбезопасности - (СУЛИМА)


" 17 " марта 1938 г.
г. Алма-Ата.

Сурет 1. ІІХК МҚБ 4-бөлімінің өлім жазасына кесілген Ш. Дивеевтің отбасы туралы анықтамасы. 1938 ж. 17 наурыз, Алма-Ата қ. ҚР ПА. 352 қ., 1 т. (Алматы қ.), 4613 іс, 2 п.

Figure 1. Reference on family of Sh. Diveev, sentenced to execution by the 4th Department of the Main Directorate of State Security. 1938. March 17, Alma-Ata. AP RK. Fonds 352, inv. 1 (Almaty), file 4613, p. 2

Белгілі жазушы, драматург Бейімбет Майлиннің әйелі де отанын сатқан отбасы мүшесі ретінде жазаланған. Б. Майлин 1937 жылы 6 қазанда тұтқындалып, 1938 жылдың 26

ақпанында 1 санатпен ату жазасына кесілген. Ал оның әйелі Күлжамал Майлина 1938 жылы 13 сәуірде тұтқындалып, Алматы қаласындағы түрмеге жабылған. 1938 жылы 25 сәуірде К. Майлинадан жауап алынған, жауап алу кезінде ІІХК тергеушісі оның кінәсін мойындатуға жанын салғаны байқалады. Алайда, К. Майлина «кінәмды мойындамаймын» деген жауабынан таңбапты. Көп ұзамай, 1938 жылы 8 мамырда айыптау қорытындысы шыққан. К. Майлина өзінің күйеуі Б. Майлиннің сыбайласы ретінде РСФСР ҚК 58-2-8-11 тармақтарымен айыпталды⁹. 21 шілдеде КСРО ІІХК жанындағы Ерекше кеңес отырысы 5 баланың анасы К. Майлинаның ісін қарап, оны отанын сатқан отбасының мүшесі ретінде 5 жылға еңбекпен түзеу лагеріне айдау туралы шешім шығарған (сурет 2). Үкім шыққан күні К. Майлинаны лагерьге жедел жөнелту туралы ІІХК Карлагына қарасты Ақмола



Сурет 2. К. Майлинаны 5 жылға ЕТЛ жіберу туралы КСРО ІІХК жанындағы Ерекше кеңес хаттамасынан үзінді 1938 ж. 21 шілде, [Москва қ.] ҚР ПА. 352 қ., 1 т. (Алматы қ.), 4613 іс, 25 п.

Figure 2. Extract from the protocol of Special Counsel of NKVD, sentencing K. Mailina to Correctional labour camp. 1938. July 21, [Moscow] AP RK. Fonds 352, inv. 1 (Almaty), file 4613, p. 25

бөлімшесінің басшысына хат жолданған¹⁰. Карлагта жазасын өтей жүріп балаларымен қауышуды аңсаған Күлжамал 1939 жылы 8 қарашада Ішкі істер халық комиссары Берияға жолдаған арызында «...менің балаларыма оралуыма, оларды өзім тәрбиелеуіме мүмкіндік беріңіз» деп өтініпті¹¹. Балаларының болашағына алаңдаған ана Семей

қаласындағы № 2 балалар үйіне өткізілген ұлы Мереке мен қызы Мауликаның туу туралы куәлігін қалпына келтіру туралы да бірнеше рет өтініш жазған. Ал 1940 жылы үлкен ұлы Аукеннің қайда екенін анықтау мақсатында өтініш жазыпты.

Тура 5 жыл өткесін 1943 жылдың 13 сәуірінде жазасын өтеу мерзімінің аяқталуына байланысты ІХК лагері Карлагтан босатылған. Алайда, қой баққан азапты 5 жылаздай, оған қоса ауыр жұмыстан әлсіз денсаулығы сыр беріп 2 категориядағы мүгедекке айналған К. Майлина да сыртқа шығуға құқығы жоқ еркін жалдамалы жұмысшы болып қалдырылған. Лагерьден босату туралы анықтамада осындай белгі соғылған. Күлжамалдың лагерь басшылығына өзін босату туралы жазған бірнеше арызы оң шешімін таппаған. Бұған қарамастан ол 1945 жылы 30 маусымда Карлагтың басқарма бастығына кезекті жазған арызында «...мен ана ретінде өз балаларыма оралғым келеді, оларды көрмеген 8 жылда қатты сағындым, ана жүрегі жылауда. Бастық жолдас, маған туған балаларыма оралуға мүмкіндік беріңіз. ...Көз жасымды төккізбей, мені балаларыма қайтарыңыз, әйтпесе балаларсыз маған өмір керек емес»¹² деп жан айқайын жеткізген. Бұлай шырылдауы түсінікті де. К.Майлина тұтқындалғаннан кейін 5 баласы тоз-тоз болып жан-жаққа кеткен болатын. 12 жастағы Мереке, 12 жастағы Маулика (Рәзия) Семейдегі №2, Еділ Аягөздегі балалар үйіне жіберілген. Ал 3,5 жасар қызы Гүлсім 1942 жылға дейін Алматы қаласындағы №4 сәбилер үйінде, одан 1948 жылға дейін Сарқандтағы балалар үйінде тәрбиеленіп, кейін Новосібір қаласындағы балалар үйіне жіберілген.

Қызы Рәзия болса 1944–1945 жылдарда анасынан шектеуді алып, босатуын өтінген хатты Карлаг бастығына бір емес 3 рет жазыпты¹³. Ана мен баланың қатыгез билікпен арпалысы нәтижесіз болмапты. К. Майлинаны лагерьден босату туралы шешім 1945 жылдың 24 маусымында шыққан. Алайда, араға 5 ай салып, 1945 жылы 24 қарашада лагерьден босатылып, Қарағанды қаласында тұруға рұқсат алған. Б.Майлин 1957 жылы 16 сәуірде, ал өзі 1957 жылы 28 маусымда ақталғаннан кейін 1958 жылы Алматы қаласына оралуға рұқсат берілген.

Отанын сатқан отбасының мүшесі айыбымен жаза тартқан әйелдердің тағы бірі – Ғалия Мамырбаева. Ол Қарағанды облысы тұтынушылар одағының бөлімін басқарған Төлеген Мамырбаевтың әйелі болатын. Т. Мамырбаев антисоветтік ұлттық террористік ұйымның белсенді мүшесі болуына байланысты халық жауы деп танылып, 1937 жылы 27 наурызда ұсталып, 1 санат бойынша айыпталған. 1938 жылы 11 наурызда атылған. Ал әйелі Ғалия Мамырбаеваны 1938 жылы 18 наурызда тұтқындаған. Ғ. Мамырбаева белгілі алашшыл қайраткер Р. Марсековтың қызы. Бұл факті де ІХК қызметкерлерінің назарынан тыс қалмапты. Бір күн бұрын, яғни 17 наурызда толтырылған анықтамада Ғалия Мамырбаеваның ірі бай, эмигрант, Алаш-Орда ұйымының белсенді мүшесі Р. Марсековтың қызы екені көрсетілген. Халық жауының әйелі бола тұра, оның контрреволюциялық қызметін жасырды деген желеумен Ғ. Мамырбаева РСФСР Қылмыстық кодексінің 58 бабының 2, 7, 8 және 11 тармақтары бойынша айыпталды¹⁴.

Айыпталушы анкетасында Ғ. Мамырбаева 1904 жылы Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Айыртау ауылында дүниеге келген, әлеуметтік шығу тегі – мал шаруашылығымен айналысқан бай отбасынан, үй шаруасындағы әйел, 2 қыз, 4 ұлы бар екені айтылған. Жауап алу кезінде бар болғаны 3 сұрақ қойылыпты: Т. Мамырбаевты қай жылдан бері білесіз, күйеуіңіздің контрреволюциялық қызметін біле тұра билік органдарына айтудың орнына оны неге жасырдыңыз, сіз шындықты айтып отырған

жоқсыз. Ғ. Мамырбаева күйеуінің контрреволюциялық қызметі туралы ешқашан білген емеспін білмеймін де деген жауабынан танбаған.

1938 жылдың 31 наурызында Ғ. Мамырбаеваға айыптау қорытындысы жарияланған. Онда «Шығыс Қазақстан облысы бойынша ІХК басқармасымен Қазақстанда кеңінен тарап, жұмыс жасаған антисоветтік ұлтшыл ұйымның бір бөлігі болып табылатын антисоветтік ұлтшыл террористік ұйым табылып, көзі жойылды.

Бұл антисоветтік ұлтшыл ұйымның алдына қойған басты міндеті совет өкіметін құлатуды белсенді түрде дайындаған, Қазақстанды КСРО-дан бөліп әкетіп, Жапонияның көмегімен буржуазиялық тәртіпті орнату»¹⁵ делінген. 21 сәуірде Ғ. Мамырбаеваның № 7600 ісі КСРО ІХК Ерекше кеңесінің қарауына жолданған.

1938 жылы 10 маусымда КСРО ІХК жанындағы Ерекше кеңестің шешімімен Ғалия Мамырбаева қауіпті әлеуметтік элемент ретінде 2 жылға тұрғылықты жерінде бақылауға алынды. Алты баласымен Семейге қоныс аударып, тектерін ауыстыруға мәжбүр болған екен. Бұл жәйінде мақаланы дайындау барысында ата-анасы тұтқындалғанда 3 жаста болған, қазір 89 (сұхбат 2024 ж. алынды) жастағы қызымен сұхбаттасуға мүмкіндік болды. Сара әжей былай деп еске алады: «Біз қоныс аударып келгеннен кейін көрші-қолаңмен аса араласа қойған жоқпыз. Тұрған жеріміздегі бір орыс әйелінің кеңесімен анамыз тегімізді Қайырбеков деп өзгертті». Осы себепке байланысты болуы керек 2018 жылы жарық көрген кітапта (Мәрсеков, 2018) Төлеген Мамырбаевтың тегі Қайырбеков деп көрсетілген. Тағы бір ескеретін жәйт Ғалияның аты Гүлғасыл деп берілген. Біз қылмыстық-тергеу істеріндегі анкета, жеке іс парағы мен т.б. құжаттарда жазылған атымен Ғалия деп бердік.

Ал Ғалияның 8-10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне айдалмай, тұрғылықты жерде бақылауға алынуына кенже ұлының 8 айлық болуы әсер еткен болуы керек. Тоталитарлық жүйе қатыгездігі сол Т. Мамырбаев өзінің кенже ұлы Камильдің дүниеге келгенінен хабарсыз болған. Бұлай дейтініміз Төлеген 1937 жылы 10 қарашада толтырған анкетасында отбасы құрамында әйелім, 2 қызым мен 3 ұлым бар депті. Ал 1 жылдан кейін тұтқындалған әйелі Ғалия өз анкетасында кенже ұлының 8 айлық екенін көрсеткен¹⁶. Ғ. Мамырбаева 1990 жылы 24 маусымда ақталған.

Ғазиз Мұртазин ірі байдың баласы ретінде әрі алашордалықтармен байланысы үшін 1937 жылы партия қатарынан шығарылған. ҚазССР Жер шаруашылығы халық комиссариатының Мақта өндіру басқармасының бастығы қызметін атқарған. Қараша айының басында белсенді антисоветтік ұлтшылдық жұмыс жүргізгені үшін қамауға алынған. 1937 жылы 4 желтоқсанда 1937 ж. айыптау қорытындысы шыққан, 1938 жылы 27 ақпанда КСРО Жоғары Сотының Әскери коллегиясының көшпелі сессиясы ісін қарап, ату жазасына шешім шығарған. Үкім сол күні орындалған.

Әйелі Хафиза Мұртазинаны қамауға алу ордері 9 сәуірде шығарылған. 1938 жылы 20 сәуірде айыптау және қамауға алу туралы қаулы қабылданған. ІХК жендеттері көп ұзартпай-ақ, 23 сәуірде жауап алған. Алайда, бір күннің ішінде екі рет алынған жауапта да Хафиза өз кінәсін мойындамапты. 27 сәуірде оған айыптау қорытындысы шыққан. 10 маусымда КСРО ІХК жанындағы Ерекше кеңес Хафиза Мұртазина туралы № 0650 істі қарап, қауіпті әлеуметтік элемент ретінде 2 жылға тұрғылықты жерінде бақылауға алу туралы шешім шығарған¹⁷. Істе 1926 жылы партия қатарына қабылдау мақсатында толтырылған мінездеме сақталған, онда «...Отношение товарищеское, к коллективной

жизни взгляд хорошие, может признать свои ошибки, к группировке склонности не имеет, индивидуальность не замечается»¹⁸. 1938 жылы Хафизаға деген оң көзқарас күрт өзгеріп, «қауіпті әлеуметтік элементке» айналды. 1989 жылы 21 қазанда ақталған.

Қасаболатова Ғайни-Жамалдың ері Алаш қозғалысының белсендісі, алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі Есенғали Қасаболатов 1937 ж. 14 тамызда тұтқындалса, ал Ғайни-Жамалға қатысты іс 1938 ж. 10 сәуірде қозғалған. Е. Қасаболатов Алматы медицина институтының алғашқы директоры, «Главнефть» тресі өлкелік конторы басқарушысының 2-орынбасары қызметтерін атқарған. Бар болғаны 2 айдың ішінде Ғайни-Жамалдың ісі қаралып, КСРО ІХК жанындағы Ерекше кеңес 10 маусымда 2 жылға жер аудару туралы үкім шығарған.

Бірақ қазақ әйелдері жақсылықтан үміттерін үзбеді. Алматыдағы, Мәскеудегі құзыретті мекемелерге хат жазумен болды. Өзін де, күйеулерін де ақтауды өтінеді. Ғ. Қасаболатова 1939–1940 жж. КСРО Ішкі істер наркомы Л.П. Берияға, КСРО Жоғарғы кеңесінің президумына, ҚазССР Ішкі істер наркомы Н.С. Бурдаковқа хат жазған екен. Қазақстан ІХК-ына жазған хатында мынадай жолдар бар: «...1938 ж. шілде айында күйеуіме байланысты Алматы қаласынан 2 жыл мерзімге Оңтүстік Қазақстан облысына жер аударылдым. 7 балам бар, үлкені 17 жаста, кішісі 1 ж. 4 ай. 7 адамның – 5-і мектеп жасында. Менің өзім ешуақытта жұмыс жасаған емеспін, қазір де жұмыс істемеймін. Себебі емшектегі балам жиі ауырады. Мұқтаждықтан балаларымның бір бөлігін ата-анама жібердім, қалғандары өзіммен бірге. Совет өкіметінің алдында еш кінәм жоқ. Менің барлық өмірім жеті баланы туып, өсірумен, тәрбиелеумен өтті...»¹⁹.

Талқылау

Қуғын-сүргін тарихын пайымдай отырып, заңсыздықтың адам сенгісіз түрлері орын алғанын көреміз. Айталық, Алаш қозғалысының белсендісі, совет өкіметі тұсында Алматы қ. хайуанаттар паркінің директоры қызметін атқарған Мырзахан Төлебаевтың әйелі Хадиша Төлебаева-Жүнісбаева Отанын сатқан отбасының мүшесі ретінде 1938 ж. маусымда 8 жылға еңбекпен түзеу лагеріне кесіледі. Күйеуінен 1929 ж. ажырасып кеткені есепке алынбайды. Жанайқайына құлақ қойған адам табылмады. 1940 ж. Қазақстан прокуратурасына жолдаған хатында былай депті: «Мен Х. Төлебаева 1938 ж. 14 сәуірде Алматыда тұтқындалдым. Күйеуім 1937 ж. 5 желтоқсанда Алматы қ. тұтқындалды. Құжаттарым бойынша тегім Х.Жүнісбаева (күйеуге тигенге дейінгі тегім). Күйеуімнен 1929 ж. ажырасқанмын. Мен кедей қазақ шаруасының қызымын. Балалық шағым Алматыға жақын ауылда өтті. Сауатсызбын. 50 жастамын, денсаулығымды жұмыста жоғалттым, сондықтан тұтқындалғанға дейін үй шаруасымен айналыстым, балаларыммен бірге тұрамын. Бұрынғы күйеуіме еш қатысым жоқ, сондықтан өзімді кінәлімін деп есептемеймін. Менің ісімді қарауыңызды өтініп сұраймын»²⁰.

Үкім шыққаннан 4 жыл өткенде ғана Хадиша Төлебаева босатылуы керек екені мойындалды. Соның өзінде лагерьден 1943 ж. шығады. Балалары жан-жаққа босып кетіпті. Ол аздайын 1956 ж. дейін өзінің заңды үйіне кіре алмай, көрінгеннің босағасында жүреді. КСРО басшысы Н.С. Хрущевқа жазған шағымында 10 м² кеңістікте 5 адам тұрып жатқанын айтады²¹.

Осыған ұқсас тағдыр Алаш қозғалысының қайраткері, биолог-ғалым Жұмахан Күдериннің әйелі Т.Г. Насонованың да басынан өтті. Жұмахан Күдерин алғаш 1930

ж. «қазақ ұлтшылдары» ісі бойынша тұтқындалып, 2 жыл түрмеде отырғаннан кейін Воронежге айдауға жіберілген болатын. Бұлар Жұмахан сол айдауда жүргенде Воронежде 1934 ж. үйленген еді. Бірақ ресми құжат алмағандықтан азаматтық некеде тұрып жатты. Күйеуі «халық жауы» ретінде екінші рет 1937 ж. тұтқындалып, 1938 ж. 7 наурызда атылғаннан кейін 9 күн өте үйін тінтіп, ұзын-сонар тергеу амалдары жүрді. 21-шілдеде «әлеуметтік қауіпті элемент» Т.Г. Насонова 2 жылға жер аударылды²².

Күдериндер әулетінің де аяусыз қудаланғанын айта кетуіміз керек. 1930 ж. әкесі Маусымбай, әкесінің інілері Ағыбай мен Бұғыбай қамауға алынады. Әкесі сол кеткеннен қайтпады. 1937 жылдың 11-қыркүйекте інісі Маусымбаев Төлеубек ату жазасына кесілді.

Қазақ әйелінің асыл қасиеттерін ашқан құжаттар көп. Олар қандай қапаста отырса да, алдымен баласын, құдай қосқан қосағын, туған-туыстарын ойлады. Отанын сатқан отбасының мүшесі айыптауымен соттала тұрып, тергеуде де, сот үстінде де, мерзімін өтеп жүргенде де күйеуі, өзі – ешқайсысы контрреволюционер-ұлтшыл еместігін қаймықпай айта алғанын ерлік деп бағалауымыз керек. Басым бөлігі екінші рет тұрмысқа шықпастан дүниеден өтті. Бұлардың биік рухани-имандық адалдықтары балаларын нағыз азаматтық ұстанымда тәрбиелегенінен көрініп тұр.

Саяси қуғын-сүргін қасіретін ашуда сол заманның куәгерлері естеліктерінің орны ерекше. Азамат Төлебаев әкесі Мырзахан Төлебаев пен шешесі Хадиша Төлебаева-Жүнісбаева тұтқындалғанда 13 жаста болған. Кейін өзінің естелігінде былай жазады: «...1938 ж. қаңтарында анам әкеммен кездесуге әрең қол жеткізді. Мені кіргізбеді. Анам әкемнен қатты жылап шықты: әкемді түні бойы мұзда ұстапты, әкемнің аяғы ісіп, қолдары дірілдеп тұр екен. Анам мен әкемнің әңгімесін күзетші бақылап тұрды.

Ақпанда анам екінші рет кездесуге рұқсат сұрады, бірақ оған үзілді-кесілді рұқсат бермеді»²³. Ал күйеуімен соңғы кездесуге 1937 ж. 1 желтоқсанында барған Т. Күдерина-Насонова былай деп еске алады: «Мен декреттік демалыста едім, бірақ өзіммен 1 жастағы ұлымды ала келгенмін... Жұмаханның түрі қорқынышты еді. Оның көздері жарқ-жұрқ етіп тұрды. Басы, қол-аяғы және бүкіл денесі дірілдеп тұрды. Оның түрі – жүні жығылған және азапталған адамға келетін» (Күдерина 1994).

Қорытынды

Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдер тағдырын архивтік қылмыстық-тергеу істерінің негізінде зерделеу келесі қорытындыларды жасауға мүмкіндік берді. Біріншіден, архивтік қылмыстық-тергеу істерінің құрамы бір тектес құжаттардан тұрады, алайда бұл істер жекелеген отбасылар басына түскен қасіреттің дәлелі мен дәйегі. Бұл өз кезегінде отбасы тарихын, әулет тарихын зерттеуге негіз болады. Біз қарастырып отырған саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдер тағдырындағы ортақтық «Отанын сатқан отбасы мүшесі» болуы. Олардың барлығына бірдей жалған айып тағылған. Алайда, бұлардың бірде-бірі «кінәсін» мойындамаған. Құжаттарды ой елегінен өткізе отырып, тағы бір байқағанымыз, күйеулері – өлім жазасына кесіліп, бұйрық орындалғаннан кейін әйелдеріне қатысты тергеу амалдары жүзеге асырылған. Бұл саяси қуғын-сүргіннің жоспарлы түрде жүргенін дәлелдейді. Екіншіден, қуғын-сүргін құрбандарын ақтау процесі қиын да күрделі жүзеге асқанын байқаймыз. Жазалауға келгенде көз ілеспейтін жылдамдықпен жұмыс істеген күштік құрылымдар адамдарды ақтауға келгенде еш

асықпады. Мысалы, Е. Қасаболатов 20 жылдан кейін (1957 ж.), зайыбы Ғайни-Жамал 50 жылдан кейін (1989 ж.) ақталса, Оңтүстік Қазақстан облысына жер аударылғанда 2 жаста болған қызы Раиса Советтер Одағы ыдырағанша ақталмай қала берді. Үшіншіден, құжаттар сол бір қасіретті жылдарда күштік құрылымдар мен сот жүйесі шындыққа тікелей қараудан мүлде алшақтағанын дәлелдейді. Әйтпесе, бір аптада жүздеген, бір айда мыңдаған «халық жауларын», алашордашыларды, шетел тыңшыларын т.б. әшкерелеу мүмкін емес қой. Кейбір айыптауларға бүгін де сену мүмкін емес.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» саяси қуғын-сүргін тарихына қатысты құжаттарды байыппен, жіті зерттеу талай ақиқатты ашуға, ақтаңдақтарды жоюға, жаңа есімдерді анықтауға мүмкіндік берері сөзсіз. Осы бағыттағы жұмысты тарихшылар мен архивистер бірігіп жүзеге асыруы тиіс.

Acknowledgements

The authors extend their sincere gratitude to Sara Kairbekova (Mamyrbayeva) for her willingness to participate in the interview despite her advanced age.

Алғыс

Жасының ұлғайғанына қарамастан сұхбат беруге келісім берген Сара Қайырбекова (Мамырбаева) апайға алғысымыз шексіз.

Благодарности

Авторы выражают искреннюю признательность Саре Кайырбековой (Мамырбаевой) за согласие дать интервью, несмотря на преклонный возраст.

Ескертулер

1. Сара Қайырбекова – Райымжан Марсековтің қызы Мамырбаева Ғалияның қызы. Сұхбат 2024 жылы 14 қазанда жазып алынды.
2. Орынша Қарабалина-Қазыбаева Ұ. Құлымбетовтің інісі Жолмұраттың қызы, әкесі қайтыс болғаннан кейін Ұ. Құлымбетовтің қолында тәрбиеленген.
3. Протокол допроса А. Кулумбетовой. Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві (әрі қарай ҚР ПА). 352 қ. 1 т. (Алматы қ.). 4339 іс. 23 п.
4. Директива НКВД СССР и Прокурора СССР № 221 от 22.06.1941 г. https://nkvd.tomsk.ru/content/editor/DOCUMENTS/ArhiwnDokuments/SSSR/SSSR_1918_1988/76-22-06-41-Direktiva-Narodnogo-komissara-vnutrennih-del-SSSR-i-Prokurora-SSSR-221-ot-22-VI-41.pd (дата обращения: 15.01.2025).
5. Директива НКВД СССР и Прокурора СССР № 185 от 29.04.1942 г. https://nkvd.tomsk.ru/content/editor/DOCUMENTS/ArhiwnDokuments/SSSR/SSSR_1918_1988/93-29-04-42-Direktiva-Narodnogo-Komissara-Vnutrennih-del-SSSR-i-Prokurora-SSSR-185.pdf (дата обращения 15.01.2025).
6. Анкета-послужной список А. Кулумбетовой. ҚР ПА. 404 қ. 2 т. (Қарағанды қ.). 4729 іс. 1 т. 8 п.
7. Выписка из протокола ОС при НКВД СССР об осуждении Ф. Дивеевой к заключению в ИТЛ на 8 лет. ҚР ПА. 352 қ. 1 т. (Алматы қ.). 4695 іс. 2 т. 7 п.
8. Определение Судебной коллегии по уголовным делам ВС КазССР о прекращении дела в отношении Ф. Дивеевой. ҚР ПА. 352 қ. 1 т. (Алматы қ.). 4695 іс. 2 т. 26 п.

9. Обвинительное заключение по следственному делу № 5625 по обвинению К. Майлиной. ҚР ПА. 352 қ. 1 т. (Алматы қ.). 4613 іс. 23 п.
10. Телеграмма начальника 8 отдела УГБ НКВД КазССР начальнику Алма-Атинской тюрьмы ОУНКВД об отправке К. Майлиной в г. Акмолинск. ҚР ПА. 352 қ. 1 т. (Алматы қ.). 4613 іс. 27 п.
11. Заявление К. Майлиной Наркому внутренних дел Союза Берии о пересмотре ее дела. ҚР ПА. 352 қ. 1 т. (Алматы қ.). 4613 іс. 45 п.
12. Письмо К. Майлиной начальнику Управления Карлага НКВД. ҚР ПА. 404 қ. 2 т. (Қараганды қ.). 1902 іс. 11 п.
13. Заявление Р. Майлиной начальнику Карлаг Долинского отделения НКВД о снятии ограничения с ее матери – К. Майлиной. ҚР ПА. 404 қ. 2 т. (Қараганды қ.). 1902 іс. 13, 18, 21 п.
14. Справка УГБ ВКО ОУ НКВД на Г. Мамырбаеву. ҚР ПА. 352 қ. 1 т. (ШҚО). 686 іс. 1 п.
15. Обвинительное заключение по делу № 7600 Г. Мамырбаевой. ҚР ПА. 352 қ. 1 т. (ШҚО). 686 іс. 1 т. 17 п.
16. Анкета на арестованных и задержанных с зачислением за Восточно-Казахстанским областным УНКВД: Г. Мамырбаева. ҚР ПА. 352 қ. 1 т. (ШҚО). 686 іс. 6 п.
17. Выписка из протокола ОС при НКВД СССР об осуждении Х. Муртазиной под гласный надзор на 2 года. ҚР ПА. 352 қ. 1 т. (Алматы қ.). 2191 іс. 1 т. 5 п.
18. Характеристика на Г. Муртазину. Обвинительное заключение по делу № 0650 Х. Муртазиной. ҚР ПА. 352 қ. 1 т. (Алматы қ.). 2191 іс. 1 т. 2-3 п.
19. Наркому внутренних дел КазССР Н.С. Бурдакову. ҚР ПА. 352 қ. 1 т. (Алматы қ.). 2192 іс. 2 т. 23-24 п.
20. Заключение Х. Толебаева Прокурору КазССР И.А. Баранову. ҚР ПА. 352 қ. 1 т. (Алматы қ.). 6091 іс. 29 п.
21. Заявление Х. Толебаевой Первому секретарю ЦК КПСС Н. Хрущеву с просьбой о предоставлении квартиры. ҚР ПА. 352 қ. 1 т. (Алматы қ.). 6091 іс. 1 т. 33-35 п.
22. Постановление УГБ УНКВД по Алма-Атинской обл. об избрании меры пресечения в отношении Т. Кудериной-Насоновой. ҚР ПА. 352 қ. 1 т. (Алматы қ.). 2291 іс. 2 т. 12 п.
23. Воспоминания А. Толебаева. ҚР ПА. 122-Н қ. 1 т. 123 іс. 12 п.

Әдебиеттер тізімі

- Алашорда* ісі. 1920-1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 8 том. Әулеттерге жасалған қиянат. Құраст.: Х. Әбжанов, Г. Нұрымбетова және т. б. Алматы: Kitap. 2023. 528 б.
- Алдажуманов К., Алдажуманов Е. Депортация народов – преступление тоталитарного режима. Алматы: Фонд «XXI век». 1997. 16 с.
- Алланиязов Т. Крестьянские выступления 1929-1932 гг. в Казахстане: опыт и проблемы изучения. Алматы: Фонд «XXI век». 2002. 88 с.
- Арендт Х. Истоки тоталитаризма. Москва: ЦентрКом. 1996. 672 с.
- Бақторазов С.У. Қазақстанның Оңтүстік өңірінде жүргізілген саяси қуғын-сүргін. Алматы: Дарын баспасы. 2022. 307 б.
- Бжезинский З., Фридрих К. Тоталитарная диктатура и автократия. Москва: ИНИОН. 1993. 415 с.
- Булатова Д. Есполов. 90 лет спустя: Забытая глава Алаш-Орды. Алматы: Уміт. 2013. 232 с.
- Волкогоннов Д.А. Триумф и трагедия. Политический портрет И. Сталина. Москва: Издательство

- АПН. 1989. 338 с.
- Дильманов С.Д. *Исправительно-трудовые лагеря НКВД-МВД СССР на территории Казахстана (30-е – 50-е годы XX века)*. Алматы: [б. и.]. 2002. 344 с.
- Жанбосинова А.С. *Репрессивная политика Советского государства в 20-50 – е годы XX века (на примере Восточного Казахстана)*: автореферат дис. ... докт. ист. наук. Семей: Изд-во «Тенгри». 2010. 41 с.
- Жанбосинова А. и др. Гендерный аспект политических репрессий (на примере Восточного Казахстана). *Мир большого Алтая*. 2018. No.4, с.545–557.
- Жанбосинова А.С. *Прошу снять с меня незаслуженное клеймо 58-й статьи: эго-документы в истории политического террора в Казахстане*. Семей: Интеллект. 2020. 580 с.
- Жанбосинова А.С. *Вертикаль и горизонталь Большого террора: политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг.*: сборник документов. Ред.-сост. А.С. Жанбосинова. Астана: Центр Элит. 2024. 886 с.
- Журтбай Т.К. *Движение Алаш: сборник материалов судебных процессов над алашевцами*. В 3-х т. Алматы: «ОФ Дегдар». 2016. Т.1. 424 с.; Т.2. 400 с.; Т.3. 408 с.
- Калыбекова М.Ч. *Казахстан как объект переселения депортированных народов (1937-1956 гг.)*: Исторический аспект: Дисс. ... канд. ист. наук. Алматы: Јет. 2005. 188 с.
- Калыбекова М. *История депортированных народов Казахстана (1937-1956 гг.)*. Алматы: LEM. 2008. 187 с.
- Қозыбаев М. *Жауды шаптым ту байлап*. Алматы: Қазақстан. 1994. 192 б.
- Козыбаев И.М. «Большой террор» в Казахстане. Алматы: Раритет. 2019. 368 с.
- Козыбаев И.М., Жанбосинова А.С. *Скрытые лики террора: История в документах и судьбах*. Астана: Центр Элит. 2024. 352 с.
- Қойгелдиев М., Омарбеков Т. *Тарих тағылымы не дейді?* Алматы: Ана тілі. 1993. 208 б.
- Қойгелдиев М. *Алаш қозғалысы*. Бірінші том. Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы. Алматы: Мектеп. 2008. 480 б.
- Қойгелдиев М. *Алаш қозғалысы*: Екінші кітап. Алматы: Мектеп. 2017. 656 б.
- Конквест Р. *Большой террор*. Рига: Ракстниекс. 1991. 414 с.
- Кудерина Л.Д. *Геноцид в Казахстане*. Москва: Скорпион. 1994. 63 с.
- Кукушкина А. *Акмолинский лагерь жен изменников Родины. История и судьбы*. Караганда: [б. и.]. 2002. 184 с.
- Кукушкина А.Р. *Акмолинский лагерь жен «изменников Родины»: история и судьбы*. Караганда: [б. и.]. 2008. 248 с.
- Кыдыралина Ж.У. *Спецпереселенцы и трудармейцы в Западном Казахстане (1937-1957 гг.)*: Дисс. ... канд. ист. наук. Алматы: Наука. 2000. 158 с.
- Кыдыралина Ж. *Алимхан Ермеков*. Под общ. ред. Б. Аягана. Алматы: Литера-М. 2012. 320 с.
- Кыдыралина Ж. *Алимхан Ермеков: судьба и время*. Астана: Фолиант. 2015. 440 с.
- Лубянка. *Сталин и Главное управление госбезопасности НКВД. Архив Сталина. Документы высших органов партийной и государственной власти. 1937-1938*. Москва: МФД. 2004. С.238-239.
- Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века). 1–52 тт. Под общ. ред. Е.Т. Карина. Нур-Султан: [б. и.]. 2022.
- Мәрсеков Р. *Қазақ қайда бара жатыр?* Алматы: Центр Азии. 2018. 368 б.
- Нұрпейісов К. *Алаш һәм Алашорда*. Алматы: Ататек. 1995. 256 б.

- Омарова Г. Алжир қасіреті: азап шеккен аналар естелігінде. *Электронный научный журнал «edu.e-history.kz»*. 2019. No.4(27), с.289–296. DOI: <https://edu.e-history.kz/index.php/history/article/view/841>
- Омарбеков Т. *20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті*. Алматы: Санат. 1997. 320 б.
- Омарбеков Т. *20-30 жж. халық көтерілістері: Зерттеу*. Алматы: «Арыс» баспасы». 2018. 480 б.
- Орынбаева Д.Ш. *Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг.: Сравнительный анализ проблемы: Дисс. ... канд. ист. наук*. Алматы: [б. и.]. 1999. 180 с.
- Приказ НКВД СССР № 00486 «Об операции по репрессированию жен и детей изменников родины». 15 августа 1937 г. *Мемориал-аспект*. 1993. No.2–3. https://nkvd.tomsk.ru/content/editor/DOCUMENTS/ArhiwnDokumenty/SSSR/SSSR_1918_1988/45-15-08-37-Operativnyj-prikaz-00486.pdf (дата обращения 14.04.2025).
- Пушкарёва Н.Л. Предмет и перспективы гендерного подхода в исторических науках. В: *Пол и гендер в науках о человеке и обществе*. Тверь: Феминист-Пресс. 2005. 384 с.
- Репина Л.П. *Женщины и мужчины в истории: Новая картина европейского прошлого*. Очерки. Хрестоматия. Москва: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН). 2002. 352 с.
- Салқынбек Д. *Қайраткер Ыдырыс Мұстамбайұлы*. Алматы: ҚазҰТУ. 2013. 278 б.
- Сәрсембина Қ. *Сталиндік қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдер*. Ақиқат. 2021. No.7, 6.70–80.
- Сәрсембина Қ., Козыбаева М. Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдер (Ақмола облысы бойынша). *Электронный научный журнал «edu.e-history.kz»*. 2021. No.3(27), с.802–814.
- Сәрсембина Қ. *Аналар шеккен қасірет*. Алматы, 2021. 175 б.
- Тепляков А.Г. *Машина террора: ОГПУ-НКВД Сибири в 1929-1941 гг.* Москва: Новый Хронограф. 2008. 608 с.
- Ұзақбай Құлымбетов – қазақ билігінің ақсақалы: ғылыми зерттеулер, естеліктер және ғұмырнамалық хикаят. Құраст: Х. Әбжанов және т.б. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы». 2022. 512 б.
- Шаймуханов Д.А., Шаймуханова С.Д. *Карлаг*. Алматы: [б. и.]. 1997. 177 с.
- Шоқай М. *Таңдамалы*. Алматы: Қайнар. 1999. Т.2. 519 б.
- Юнге М., Бордюгов Г., Биннер Р. *Вертикаль большого террора. История операции по приказу НКВД № 00447*. Москва: Новый Хронограф. 2008. 778 с.

References

- Алашорда ыс. 1920-1940 жж. *Qūjattar men materialdar. 8 tom*. Äuletterge jasalğan qianat. Qūrast.: H. Äbjanov, G. Nūrymbetova, Z. Myrzataeva, B. Balğazina. Almaty: Kitap. 2023. 528 p. (in Russian / in Kazakh)
- Aldazhumanov K., Aldazhumanov E. *Deportatsiia narodov – prestuplenie totalitarnogo rezhima*. Almaty: «The Twentieth Century Foundation». 1997. 16 p. (in Russian)
- Allaniiazov T. *Krestianskie vystupleniia 1929-1932 gg. v Kazakhstane: opyt i problemy izucheniia*. Almaty: «The Twentieth Century Foundation». 2002. 88 p. (in Russian)
- Arendt Kh. *Istoki totalitarizma*. Moscow: Centralcom. 1996. 672 p. (in Russian)
- Baktorazov S.U. *Qazaqstannyñ Oñtüstik oñırında жүргizilgen saiasi quğyn-sürgin*. Almaty: Daryn publishing house. 2022. 307 p. (in Kazakh)
- Bzhezinskii Z., Fridrikh K. *Totalitarnaia diktatura i avtokratiia*. Moscow: INION. 1993. 415 p. (in Russian)
- Bulatova D. *Espolov. 90 let spustia: Zabytaia glava Alash-Ordya*. Almaty: Umit. 2013. 232 p. (in Russian)
- Volkogonov D.A. *Triumf i tragediia. Politicheskii portret I. Stalina*. Moscow: APN Publ. 1989. 338 p. (in Russian)

Russian)

- Dilmanov S.D. *Ispravitelno-trudovye lageria NKVD-MVD SSSR na territorii Kazakhstana (30-e – 50-e gody KhKh veka)*. Almaty: [b. i.]. 2002. 344 p. (in Russian)
- Zhanbossinova A.S. *Repressivnaia politika Sovetskogo gosudarstva v 20-50-e gody XX veka (na primere Vostochnogo Kazakhstana): abstract of the Doctor diss. Semey: Publishing house "Tengri". 2010. 41 p. (in Russian)*
- Zhanbossinova A. i dr. *Gendernyi aspekt politicheskikh repressii (na primere Vostochnogo Kazakhstana). The world of the Great Altai*. 2018. No.4, pp.545–557. (in Russian)
- Zhanbossinova A.S. *Proshu sniat s menia nezasluzhennoe kleimo 58-i staty: ego-dokumenty v istorii politicheskogo terrora v Kazakhstane*. Semey: Intellect. 2020. 580 p. (in Russian)
- Zhanbossinova A.S. *Vertikal i gorizontol Bolshogo terrora: politicheskie repressii v Kazakhstane v 1937-1938 gg.: sbornik dokumentov*. Astana: Center Elite. 2024. 886 p. (in Russian)
- Zhurtbai T.K. *Dvizhenie Alash: sbornik materialov sudebnykh protsessov nad alashevtsami*. In 3 t. Almaty: OF Degdar. 2016. T.1. 424 p.; T.2. 400 p.; T.3. 408 p. (in Russian)
- Kalybekova M.Ch. *Istoriia deportirovannykh narodov Kazakhstana (1937-1956 gg.): Dissertation ... Candidate of Historical Sciences*. Almaty: Jem. 2005. 188 p. (in Russian)
- Kalybekova M. *Istoriia deportirovannykh narodov Kazakhstana (1937-1956 gg.)*. Almaty: LEM. 2008. 187 p. (in Russian)
- Kozybaev M. *Jaudy şaptym tu bailap*. Almaty: Kazakhstan. 1994. 192 p. (in Kazakh)
- Kozybaev I.M. «*Bolshoi terror*» v Kazakhstane. Almaty: Raritet. 2019. 368 p. (in Russian)
- Kozybaev I.M., Zhanbossinova A.S. *Skrytye liki terrora: Istoriia v dokumentakh i sudbakh*. Astana: Elite. 2024. 352 p. (in Russian)
- Koygeldiev M., Omarbekov T. *Tarih taǵylymy ne deidi?* Almaty: Native language. 1993. 208 p. (in Kazakh)
- Koygeldiev M. *Alaş qozǵalysy*. Bırınşı tom. Öñdelip, tolyqtyrylǵan ekinşı basylymy. Almaty: School Publ. 2008. 480 p. (in Kazakh)
- Koygeldiev M. *Alaş qozǵalysy*. Ekinşı kitap. Almaty: School Publ. 2017. 656 p. (in Kazakh)
- Konkvest R. *Bolshoi terror*. Riga: Rakstnieks. 1991. 414 p. (in Russian)
- Kuderina L.D. *Genotsid v Kazakhstane*. Moscow: Skorpion. 1994. 63 p. (in Russian)
- Kukushkina A. *Akmolinskii lager zhen izmennikov Rodiny*. Istoriia i sudby. Karaganda: 2002. 184 p. (in Russian)
- Kukushkina A.R. *Akmolinskii lager zhen «izmennikov Rodiny»: istoriia i sudby*. Karaganda: [b. i.]. 2008. 248 p. (in Russian)
- Kydyralina Zh.U. *Spetspereselentsy i trudarmeitsy v Zapadnom Kazakhstane (1937-1957 gg.): Cand. diss.* Almaty: The science. 2000. 158 p. (in Russian)
- Kydyralina Zh. *Alimkhan Ermekov*. Pod obshch. red. B. Aiagana. Almaty: Litera-M. 2012. 320 p. (in Russian)
- Kydyralina Zh. U. *Alimkhan Ermekov: sudba i vremia*. Astana: Foliant. 2015. 440 p. (in Russian)
- Lubjanka. *Stalin i Glavnoe upravlenie gosbezopasnosti NKVD. Arhiv Stalina. Documents of the highest organs of party and state power. 1937-1938*. Moscow: MFD. 2004. Pp. 238-239. (in Russian)
- Materialy Gosudarstvennoi komissii po polnoi reabilitatsii zhertv politicheskikh repressii (20–50 gody XX veka). 1-52 tt. Pod obshch. red. E.T. Karina. Nur-Sultan: [b. i.]. 2022. (in Russian)
- Marsekov R. *Qazaq qaida bara jatyr?* Almaty: Asia Center. 2018. 368 p. (in Kazakh)
- Nurpeisov K. *Alaş hám Alaşorda*. Almaty: Atatek. 1995. 256 p. (in Kazakh)
- Omarova G. *Aljir qasıretı: azap şekken analar esteliginde*. Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”. 2019. No.4(27), pp.289–296.

- Omarbekov T. *20-30 jıldardaǵy Qazaqstan qasıretı*. Almaty: Sanat. 1997. 320 p. (in Kazakh)
- Omarbekov T. *20-30 jı. halyq köterilisteri: Zertteu*. Almaty: Arys publishing house. 2018. 480 p. (in Kazakh)
- Orynbaeva D.Sh. *Politicheskie repressii v Kazakhstane v 1937-1938 gg.: Sravnitelnyi analiz problemy: dissertations ...* Candidate of Historical Sciences. Almaty: [b. i.]. 1999. 180 p. (in Russian)
- Prikaz NKVD SSSR №00486 «*Ob operatsii po repressirovaniu zhen i detei izmennikov rodiny*». 15 avgusta 1937 g. *Memorial Aspect*. 1993. No.2–3. https://nkvd.tomsk.ru/content/editor/DOCUMENTS/ArhiwnDokuments/SSSR/SSSR_1918_1988/45-15-08-37-Operativnyj-prikaz-00486.pdf (data obrashcheniia 14.04.2025) (in Russian)
- Pushkareva N.L. *Predmet i perspektivy gendernogo podkhoda v istoricheskikh naukakh*. In: *Gender and gender in human and social sciences*. Tver: Feminist-Press. 2005. (in Russian) 384 p.
- Repina L.P. *Zhenshchiny i muzhchiny v istorii: Novaya kartina evropeiskogo proshlogo*. Ocherki. Khrestomatiia. Moscow: The Russian Political Encyclopedia (ROSSPEN). 2002. 352 p. (in Russian)
- Salkynbek D. *Qairatker Ydyrys Mústambaiüly*. Almaty: KazNTU. 2013. 278 p. (in Kazakh)
- Sarsembina K. *Stalindik quǵyn-sürginge üsyraǵan äielder*. The truth. 2021. No.7, pp.70–80. (in Kazakh)
- Sarsembina K., Kozybaeva M. *Saiasi quǵyn-sürginge üsyraǵan äielder (Aqmola oblysy boıynsha)*. Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”. 2021. No.3(27), pp.802–814. https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_36_4_802-814 (in Kazakh)
- Sarsembina K. *Analar şekken qasıret*. Almaty. 2021. 175 p. (in Kazakh)
- Teplakov A.G. *Mashina terrora: OGPU–NKVD Sibiri v 1929-1941 gg.* Moscow: New chronograph. 2008. 608 p. (in Russian)
- Ūzaqbaı Qūlymbetov – qazaq biliginıń aqsaqaly: ğylymi zertteuler, estelikter jáne ğūmyrnamalyq hikaiat. Author: H. Abzhanov et al. Almaty: Kazakh encyclopedia. 2022. 512 p. (in Kazakh)
- Shaimukhanov D.A., Shaimukhanova S.D. *Karlag*. Almaty: [b. i.]. 1997. 177 p. (in Russian)
- Shokai M. *Tañdamaly*. Almaty: Source. 1999. T.2. 519 p. (in Kazakh)
- Lunge M., Bordiugov G., Binner R. *Vertikal bolshogo terrora*. Istoriia operatsii po prikazu NKVD № 00447. Moscow: New chronograph. 2008. 778 p. (in Russian)

Information about authors

Gulshat G. Nurymbetova – Doctor of Political Sciences, Professor, Head of the Center for the Study of Political Repression Materials of the 20th Century, Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, Dostyk av. 87B, 050021 Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0002-4398-5076>, gulshat_nurymbet@mail.ru

Bakhtgul S. Balgazina – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Senior Researcher, Scientific and Applied Research Center, Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, Mangylyk el 15, 010017 Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-8856-7612>, bakhtgul555@mail.ru

Авторлар туралы мәлімет

Гүлшат Рамазанқызы Нұрымбетова – саяси ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын зерделеу Орталығының басшысы, Достық даңғ. – 87Б, 050021 Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0002-4398-5076>, gulshat_nurymbet@mail.ru

Бақытгүл Серікқызы Балғазина – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақстан Республикасы Президенті архивінің Ғылыми және қолданбалы зерттеулер орталығының аға ғылыми қызметкері, Мәңгілік ел даңғ. – 15, 010017 Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-8856-7612>, bakhtgul555@mail.ru

Сведения об авторах

Гулшат Рамазановна Нұрымбетова – доктор политических наук, профессор, руководитель Центра изучения материалов политических репрессий XX века Архива Президента Республики Казахстан, пр. Достык, 87Б, 050021 Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0002-4398-5076>, gulshat_nurymbet@mail.ru

Бакитгуль Сериковна Балгазина – кандидат педагогических наук, доцент, старший научный сотрудник Центра научных и прикладных исследований Архива Президента Республики Казахстан, пр. Мангилик ел, 15, 010017 Астана, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-8856-7612>, bakhitgul555@mail.ru

Author Contributions

G.R. Nurymbetova – identification of the core idea, objectives, and tasks of the research; implementation of the research process; preparation of the manuscript. B.S. Balgazina – compilation of materials; verification of factual accuracy; preparation and formatting of the manuscript.

Авторлардың қосқан үлесі

Нұрымбетова Г.Р. – зерттеудің басты идеясын, мақсаты мен міндеттерін анықтау. Ғылыми-зерттеу процесін жүзеге асыру. Қолжазбаны әзірлеу. Балғазина Б.С. – материалдарды жинақтау, фактілердің дәлдігін тексеру, қолжазбаны әзірлеу, ресімдеу.

Вклад авторов

Г.Р. Нұрымбетова – определение основной идеи, целей и задач исследования; проведение научно-исследовательского процесса; подготовка рукописи. Б.С. Балгазина – сбор материалов; проверка фактической точности; подготовка и оформление рукописи.

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / **Раскрытие информации о конфликте интересов.** Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. / **Disclosure of conflict of interest information.** The author claims no conflict of interest.

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 28.02.2025

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 23.04.2025

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 30.04.2025